

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-52/
Дәріс кешені «Физикалық және коллоидтық химия»	24 беттің 1беті

Дәріс кешені

Пән: Физикалық және коллоидтық химия

Пән коды: FKH 2205

БББ: 6B10106-Фармация

Сағат /кредит саны: 150/5кредит

Курс: 2 Семестр: III

Дәріс көлемі: 10

Шымкент, 2024

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <small>- 1979 -</small>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы		044-52/
Дәріс кешені «Физикалық және коллоидтық химия»		24 беттің 2беті

Дәріс кешені «Физколлоидтық химия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес өзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланған.

Кафедра менгерушісі, х.ғ.к., проф.м.а  Дәуренбеков К.Н.

Хаттама №12 «03» 06 2024ж.

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Химиялық пәндер кафедрасы</p> <p>Дәріс кешені «Физикалық және коллоидтық химия»</p>	<p>044-52/ 24 беттің 3беті</p>

№ 1 дәріс

1. Тақырыбы: Физикалық химия пәні. Негізгі бөлімдері. Термодинамиканың I-заны.
Термодинамиканың II-заны.

2. Тақырыптың мақсаты: физикалық химияның бөлімдері мен термодинамиканың зандарын үйрету.

3. Дәрістің тезистері:

Физикалық және коллоидты химия – жоғары білікті фармацевт – мамандарды дайындауда елеулі мәні бар, фармациялық білім беру саласындағы негізгі пәндердің бірі болып табылады. Физколлоидты химия адамның химиялық ойлау қабілетін қалыптастырады, физика-химиялық үдерістердің жұру заңдарын анықтайды, химиялық реакциялардың өтуіне заттар табиғатының, сыртқы факторлардың әсерлері туралы қорытынды жасауға және оны талдауға үйретеді.

Термодинамика ілімі мыналарды зерттейді:

- 1) энергияның әртүрлі формаларының өзара айналуын, оның ішінде химиялық термодинамика, химиялық энергияның басқа энергия түрлеріне айналуын;
- 2) әртүрлі физикалық-химиялық үдерістердің энергетикалық эффектілерін, оның сыртқы жағдайларға байланыстырылуын;
- 3) өздігінен жүретін үдерістердің бағытын, мүмкіндігін, өту шекарасын қарастырады.

Химиялық термодинамика пәннің мақсаты - химиялық және физикалық-химиялық құбылыстарды зерттеу үшін термодинамиканың зерттеу әдістерін және олардың негізіндегі зандарды қолдану.

Жүйе деп қоршаған ортадан ойша бөлініп алынған және онымен әрекеттесуде болатын дene не денелер тобын айтамыз. Мысалы, реакциялық ыдыс гальваникалық элемент Жүйенің 3 түрі бар:

1. Оқшауланған жүйе - қоршаған ортамен зат және энергия алмаспайды, мысалы Дьюар ыдысы, жабық термос.

2. Жабық жүйе - қоршаған ортамен тек энергия алмасады, бірақ зат алмаспайды. Мысалы, аузы толық жабылған құтыға құйылған қайнаған су.

3. Ашық жүйе - қоршаған ортамен зат та, энергия да алмасады. Мысалы, кез келген ашық ыдысқа құйылған су.

Фаза деп құрамы, физикалық және химиялық қасиеттері бірдей, жүйенің басқа бөліктерінің бөліну қабатымен шектелген жүйенің біртекті бөліктерінің жиынтығын айтамыз. Фаза қарапайым және күрделі болып бөлінеді

Күй функциялары. Ішкі энергия (U) – жүйені құрайтын молекулалар, атомдар, иондар және элементар бөлшектердің барлық қозгалыс және әрекеттесу түрлерінің жалпы энергия қорын айтады. **Энтальпия (H)** деп тұрақты қысымдағы жүйенің энергиясын айтамыз, ол сандық түрде ішкі энергия (U) мен потенциалдық энергия (pV) энергиялар қосындысына тең: $H = U + pV$ Өзгерісі: $\Delta H = H_2 - H_1$

Энтропия (S), Гиббс энергиясы немесе изобаралық-изотермалық потенциал (G), **Гельмгольц энергиясы** немесе изохоралық-изотермалық потенциал (F).

Термодинамиканың 1-заны энергияның сақталу занына негізделген:

1. Егер қандай-да үдеріс кезінде энергияның бір түрі жоғалса, онда оның орнына басқа түрдегі энергия эквивалентті түрде пайда болады.
2. Энергияның әртүрлі формалары өзара эквивалентті түрде алмасады.
3. Кез келген оқшауланған жүйеде энергия қоры тұрақты.


OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-52/
Дәріс кешені «Физикалық және коллоидтық химия»	24 беттің 4беті

1-ші заң математикалық түрде былай жазылады:

$$Q = \Delta U + A$$

Термохимия - химиялық термодинамиканың негізгі бөлімдерінің бірі. Ол химиялық реакциялардың жылу эфектілерін, жылу сыйымдылықтарын және оларға байланысты шамаларды зерттейді.

Термохимиялық тендеулер – химиялық реакцияда жылу эфектісі көрсетілген тендеулер, мысалы:



Реакцияның жылу эфектісі – реакция кезінде бөлінген немесе сінірілген жылу мөлшері. Ол термодинамикада энтальпия өзгерісімен беріледі (ΔH , кДж/моль).

Термохимияның негізгі заңын Г.И. Гесс (1840ж.) ашқан, ол жылу қосындыларының тұрақтылық заңы деп аталады:

Реакцияның жылу эфектісі тек бастапқы заттар мен өнімдердің табиғаттарына және құйлеріне тәуелді, ол реакция өтетін жолға тәуелсіз.

$$\Delta H_1 = \Delta H_2 + \Delta H_3 = \Delta H_4 + \Delta H_5 + \Delta H_6$$

Термодинамиканың 2-ші заңы:

Анықтамалары:

1. Р. Клаузиус (1850ж) анықтamasы: жылу өздігінен сүйкіденеден ыстық денеге беріле алмайды.

2. В. Оствальд бойынша «II текті мәңгі двигателъ жасау мүмкін емес, яғни жылуды толығымен жұмысқа айналдыратын машина жасау мүмкін емес, себебі жылудың бірәз бөлігі міндепті түрде сүйтқышқа беріледі».

С. Карно (1824ж) зерттеуі бойынша жылу машинасының пайдалы әсер коэффициентін (п.ә.к.) былай жазуға болады:

$$\eta = \frac{Q_1 - Q_2}{Q_1} = \frac{A}{Q_1}$$

мұнда, (Q_1)- жылу бергіш денеден алынған жылу мөлшері, Q_2 – сүйтқышқа берілген жылу мөлшері, ал $Q_1 - Q_2$ айырымы жұмысқа А айналған жылу мөлшеріне тең шама.

4. Иллюстрациялық материал: презентация.

5. Эдебиет:

- Патсаев Ә.К., Шитыбаев С.А. Бейорганикалық және физколloidтық химияның тәжірибелік-зертханалық сабактарына қолданба. – Алматы, 2013.
- Патсаев Ә.К., Туребекова Г.А. Физколloidтық химия пәнінен зертханалық-тәжірибелік сабактарының материалдары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2015.
- Туребекова Г.А. Физколloidтық химия пәнінен студенттердің өзіндік жұмыстарына дайындалуға арналған тапсырмалары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2015.
- Беляев, А. П. Физикалық және колloidтық химия [Мәтін] : оқулық / А. П. Беляев, В. И. Кучук ; қаз. тіліне ауд. Ж. Қ. Смаилова; жауапты ред. С. О. Тапбергенов. - 2-бас., өнд. және толықт. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 776 бет. С
- Патсаев, Ә. Қ. Физикалық және колloidтық химиядан тесттік тапсырмалар [Мәтін]: оқу құралы / Ә. Қ. Патсаев, С. А. Шитыбаев; ҚР деңсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Шымкент : Б. ж., 2013. - 244 бет. с.
- Беляев А. П. Физикалық және колloidтық химия: оқулық / - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014.
- Патсаев Ә. Қ., Шитыбаев С.А. Физикалық және колloidтық химиядан тесттік тапсырмалар. - Шымкент: 2013.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-52/
Дәріс кешені «Физикалық және коллоидтық химия»	24 беттің 5беті

8. Патсаев, Ә. Қ. Физколloidтық химия пәнінен зертханалық-тәжірибелік сабактарының материалдары [мәтін] : оқу-әдістемелік құралы / Ә. Қ. Патсаев, Г. А. Туребекова. - Алматы : Эверо, 2015. - 88 с.
9. Патсаев, Ә. Қ. Физколloidтық химия пәнінен зертханалық-тәжірибелік сабактарының материалдары [Мәтін] : оқу-әдістемелік құралы / Ә. Қ. Патсаев, Г. А. Туребекова. - Алматы : Эверо, 2014. - 96 бет.
10. Беляев, А. П. Физикалық және колloidтық химия [Электронный ресурс] :оқулық / қазақ тіл. ауд. Ж. Қ. Смаилова. - Электрон.текстовые дан. (49.4Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт.диск (CD-ROM).

6. Бақылау сұрақтар:

1. Физикалық және колloidтық химия- фармация пәндерінің теориялық негізі.
2. Физколloidты химия пәні және басты мақсаттары.
3. Химиялық термодинамика- зат алмасу және энергия алмасудың теориялық негізі.
4. Энтальпия түсінігі.
5. Гесс заңы.
6. Химиялық және физ-химиялық процестердің энтальпиясының өзгеруі.
7. Термодинамиканың екінші заңы. Энтропия. Гиббстың бос энергиясы.

№ 2 дәріс

1. Тақырыбы: Фазалық тепе-тендіктер термодинамикасы. Гиббстің фазалар ережесі. Біркомпонентті және бинарлы дәрілік заттардың үшін күй диаграммалары.

2. Тақырыптың мақсаты: фазалық тепе-тендік термодинамикасын, біркомпонентті мен бинарлы жүйелердің күй диаграммаларын үйрету.

3. Дәрістің тезистері:

Термодинамикалық жүйелерге жататын заттар әртүрлі агрегаттың күйде болады: газ тәрізді, сұйық және қатты- олар өздері тағы бір немесе бірнеше фазалар түзе алады. Бірнеше фазалардан тұратын жүйені гетерогенді деп атайды. Ал ол жүйедегі тепе- тендікті гетерогенді немесе фазалық деп атайды. Заттың немесе қоспаның тазалығын химиялық қосылыстың кристалдану температурасына қарап, пайда болған қатты заттарды анықтаймыз. Сондықтан дәрілік заттардың анализін өткізетін кезде кристалдану температурасының тазалығына көңіл аударады.

Фазалық тепе-тендіктер шарттары: Гетерогенді жүйедегі фазалық тепе-тендіктер белгілі шарттармен сипатталады; әр компоненттің барлық фазалардағы химиялық потенциалдары, олардың жүйенің барлық фазаларындағы температурасы мен қысымы бірдей болуы қажет, бұлар фазалық тепе-тендіктің сәйкес химиялық, температуралық және механикалық шарттары деп аталады.

Компоненттер саны: Химиялық жүйедегі тәуелсіз компоненттер саны (Кт) деп жүйені құрайтын химиялық дара заттардан онда өтетін химиялық өзара тәуелсіз реакциялар санын алғанға тең шаманы айтады.

$$Кт = К - x$$

Мысалы, сулы ерітіндідегі $KCl-NaNO_3-NaCl-KNO_3-H_2O$ тепе-тендік жүйеде бес дара зат бар, оның төртеуі бір реакциямен байланысқан.



<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Химиялық пәндер кафедрасы</p> <p>Дәріс кешені «Физикалық және коллоидтық химия»</p>	<p>044-52/ 24 беттің ббеті</p>

Тәуелсіз компонент саны $5-1=4$. Компоненттер санына байланысты жүйелер бір компонентті, екі компонентті, үш компонентті т.с.с. бөлінеді.

Еркіндік дәреже саны: Еркіндік дәреже саны (c) деп жүйедегі фазалар санын сақтай отырып, мәндерін (өзара тәуелсіз) белгілі шекте еркін өзгертуге болатын, жүйе күйін анықтайтын термодинамикалық параметрлердің санын айтады.

Мұндай параметрлерге сыртқы факторлар (температура, қысым) және ішкі факторлар (компонент концентрациясы) жатады.

Гиббстің фазалар ережесі: Сыртқы параметрлер (p , T) өзгергенде жүйедегі тепе-тендік бұзылады: бұл кезде компоненттер концентрациясы өзгереді немесе жаңа фазалар түзіліп, ескі фазалар жоғалады. Жүйедегі өзгеріс жаңа тепе-тендік орнағанға дейін жүреді. Жүйедегі еркіндік дәреже санын компоненттер санына және сыртқы параметрлердің өзгеруіне байланысты есептеу Д.У. Гиббстің фазалар ережесімен (1876ж.) жүргізіледі:

$$C = K - \phi + 2$$

Бір компонентті жүйелер үшін фазалар ережесі былай жазылады:

$$C = 1 - \phi + 2 = 3 - \phi$$

Егер $C_{min}=0$ болса, онда $\phi=3$. Тепе-тендіктегі бір компонентті жүйеде максимал үш фаза кездеседі (қ, с, г). $\phi=min$ болса, еркіндік дәреже саны $C_{max}=1-1+2=2$, яғни айнымалы шамалардың екеуі тәуелсіз, олар қысым (p) мен температура (T) не $p-f(құрам)$, $T-(құрам)$.

Екі компонентті жүйелер үшін: егер жүйе 2 компоненттен тұрса, онда тепе-тендікке сыртқы факторлардан температура мен қысым әсер етеді, ал Гиббстің фазалар ережесі мына тендеумен жазылады:

$$C = 2 - \phi + 2 = 4 - \phi$$

Егер $C_{min}=0$ болса, фазалар саны $\phi=4$. Демек екікомпонентті жүйеде тепе-тендіктегі фазалардың саны төрттен артық емес (с, бу, қ1, қ2). $\phi_{min}=1$ - де максимал еркіндік дәреже саны - $C_{max}=3$ (қысым, температура, және бір компоненттің x_1 концентрациясы).

4. Иллюстрациялық материалдар: презентация

5. Әдебиет:

- Патсаев Ә.К., Шитыбаев С.А. Бейорганикалық және физколloidтық химияның тәжірибелік-зертханалық сабактарына қолданба. – Алматы, 2013.
- Патсаев Ә.К., Туребекова Г.А. Физколloidтық химия пәнінен зертханалық-тәжірибелік сабактарының материалдары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2015.
- Туребекова Г.А. Физколloidтық химия пәнінен студенттердің өзіндік жұмыстарына дайындалуға арналған тапсырмалары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2015.
- Беляев, А. П. Физикалық және колloidтық химия [Мәтін] : оқулық / А. П. Беляев, В. И. Кучук ; қаз. тіліне ауд. Ж. Қ. Смаилова; жауапты ред. С. О. Тапбергенов. - 2-бас., өнд. және толықт. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 776 бет. С
- Патсаев, Ә. Қ. Физикалық және колloidтық химиядан тесттік тапсырмалар [Мәтін]: оқу құралы / Ә. Қ. Патсаев, С. А. Шитыбаев; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Шымкент : Б. ж., 2013. - 244 бет. с.
- Беляев А. П. Физикалық және колloidтық химия: оқулық / - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014.
- Патсаев Ә. Қ., Шитыбаев С.А. Физикалық және колloidтық химиядан тесттік тапсырмалар. - Шымкент: 2013.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-52/
Дәріс кешені «Физикалық және коллоидтық химия»	24 беттің 7беті

8. Патсаев, Ә. Қ. Физколloidтық химия пәнінен зертханалық-тәжірибелік сабактарының материалдары [мәтін] : оқу-әдістемелік құралы / Ә. Қ. Патсаев, Г. А. Туребекова. - Алматы : Эверо, 2015. - 88 с.
9. Патсаев, Ә. Қ. Физколloidтық химия пәнінен зертханалық-тәжірибелік сабактарының материалдары [Мәтін] : оқу-әдістемелік құралы / Ә. Қ. Патсаев, Г. А. Туребекова. - Алматы : Эверо, 2014. - 96 бет.
10. Беляев, А. П. Физикалық және колloidтық химия [Электронный ресурс] :оқулық / қазақ тіл. ауд. Ж. Қ. Смаилова. - Электрон.текстовые дан. (49.4МБ). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт.диск (CD-ROM).

6. Бақылау сұрақтар:

1. Фаза, компонент, еркіндік дәрежесі дегеніміз не?
2. Фазалық тепе-тендік қандай жағдайда өтеді?
3. Біркомпонентті жүйелер үшін Гиббс ержесінің түрі.
4. Шекті және шексіз сұйық ерітінділерінің қандай түрлерін білесіздер?
5. Азеотропты жүйелердің қандай қасиеттері бар?
6. Сұйық және қатты әвтетика дегеніміз не?

№ 3 дәріс

1. Тақырыбы: Күшті және әлсіз электролиттер ерітінділерінің теориясы. Ерітінділердің коллигативті қасиеттері. Буферлік жүйелер.

2. Тақырыптың мақсаты: күшті және әлсіз электролиттер ерітінділерінің теориясын, ерітінділердің коллигативті қасиеттерін, буферлік жүйелерді үйрету.

3. Дәрістің тезистері:

Ерітінділерді анықтау- көптеген процестердің басым бөлігі сұйық фазада болғандықтан, физикалық химияның маңызды бөлігі болып химияда, биохимияда және биологияда үлкен қызмет атқарады.

Электролиттер деп еріткішпен әсерлескенде иондарға диссоциацияланып (ыдырап), ерітіндіге электр тогын өткізу қасиетін беретін заттардың айтады.

Әлсіз электролиттер теориясы. Аррениус теориясы (1883 ж.):

Қышқылдар - құрамында сутегі бар, ерітіндіде сутек катионына және анионға диссоциацияланатын заттар. $HCl \leftrightarrow H^+ + Cl^-$

Негіздер - құрамында гидроксил тобы бар, ерітіндіде катион және гидроксил анионына диссоциацияланатын заттар. $NaOH \leftrightarrow Na^+ + OH^-$

Тұздар – катион және анионға диссоциацияланатын заттар. $K^+A^- \leftrightarrow K^+ + A^-$

Диссоциациялану дәрежесі:

иондарға ыдыраган молекула саны, н

$$\alpha = \frac{\text{иондарға ыдыраган молекула саны}}{\text{еріген молекулалардың жалпы саны}} = N$$

Күшті электролиттерде $\alpha > 0,3$ (немесе 30%) жоғары, ал әлсіз электролиттер үшін $\alpha \leq 0,03$ (немесе 3%) тәмен.

Оствальдтың сұйылту заңы

$$\alpha_2 \cdot C$$


$$K_d = \frac{\alpha_2 \cdot C}{N}$$

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-52/
Дәріс кешені «Физикалық және коллоидтық химия»	24 беттің 8беті


(1-а)

Бренстед - Лоури теориясы (1923 ж.): Қышқыл деп протон беретін заттарды, негіз деп протон қосып алғатын заттарды айтады. Қышқыл протон беріп негізге, яғни протон акцепторына айналады. Протолиттік деп протонды беру не қосып алуы жүретін химиялық реакцияларды айтады. Оларға иондық процестер, бейтараптау және тұздар гидролизі жатады. Қышқыл протон доноры болып саналады және қосарланған негіз түзеді, ал негіз протон қосып алып, қосарланған қышқылға айналады.

Мысалы,



Г. Льюис теориясы: Негіздер дегеніміз - химиялық байланысты түзу үшін қажетті электрондық жүптарды беруші заттар, яғни электрон жұбының донорлары. Қышқылдар – электрон жұбын қабылдайтын заттар, яғни электрон жұбының акцепторлары.



Электрон жүптарының донорлары болатын заттар Льюис негіздері, ал электрон жүптарының акцепторлары Льюис қышқылдары деп аталады.

П. Дебай - Г. Хюккель теңдеуі

$$\lg f = -0,51z^2 \sqrt{I}$$

мұнда – f - активтілік коэффициенті,


z - есептелецін ионның заряды;

I – ерітіндінің иондық күші.


Буферлік ерітінділер деп қышқылдың не сілтінің аз мөлшерін қосқанда, сонымен қатар сүйылтқанда сутек иондарының концентрациясы өзгермейтін ерітінділерді айтады.

Буферлік ерітінділердің түрлері: әлсіз қышқыл мен оның күшті негіз тұзының қоспасы ($\text{CH}_3\text{COOH} + \text{CH}_3\text{COONa}$ -ацетатты буферлі қоспа), әлсіз негіз бен оның күшті қышқыл тұзының қоспасынан ($\text{NH}_4\text{OH} + \text{NH}_4\text{Cl}$ -аммиакты буферлі қоспа), әлсіз қышқылдардың қышқыл және орта тұздарының ($\text{NaHCO}_3 + \text{Na}_2\text{CO}_3$ -карбонатты буферлі қоспа), екі қышқыл тұздардың қоспасы ($\text{NaH}_2\text{PO}_4 + \text{Na}_2\text{HPO}_4$ -фосфатты буферлі қоспа).

Буферлік әсер механизмі: күшті қышқылдың H^+ иондары тұздың аниондарымен байланысып, әлсіз қышқылдың диссоциацияланбайтын НА молекулаларын түзеді:



Ал күшті негіз қосқанда OH^- иондары H^+ қосылып, H_2O молекулаларын түзеді, ерітіндіде бос қышқыл аниондары пайдада болады:



Қышқылдың буферлік жүйелердің pH :

СНА (қышқыл)

$$\text{pH} = \text{pKHA} - \lg \frac{\text{Стұз}}{\text{Снегіз}}$$

Негіздік буферлік жүйелердің pH :

Снегіз

$$\text{pH} = 14 - \text{pKнегіз} + \lg \frac{\text{Стұз}}{\text{Снегіз}}$$

4. Иллюстрациялық материалдар: презентация

5. Эдебиет:

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Химиялық пәндер кафедрасы</p>	<p>044-52/ 24 беттің 9беті</p>
<p>Дәріс кешені «Физикалық және коллоидтық химия»</p>	

- Патсаев Э.К., Шитыбаев С.А. Бейорганикалық және физколloidтық химияның тәжірибелік-зертханалық сабактарына қолданба. – Алматы, 2013.
- Патсаев Э.К., Туребекова Г.А. Физколloidтық химия пәнінен зертханалық-тәжірибелік сабактарының материалдары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2015.
- Туребекова Г.А. Физколloidтық химия пәнінен студенттердің өзіндік жұмыстарына дайындалуға арналған тапсырмалары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2015.
- Беляев, А. П. Физикалық және колloidтық химия [Мәтін] : оқулық / А. П. Беляев, В. И. Кучук ; қаз. тіліне ауд. Ж. Қ. Смаилова; жауапты ред. С. О. Тапбергенов. - 2-бас., өнд. және толықт. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 776 бет. С
- Патсаев, Ә. Қ. Физикалық және колloidтық химиядан тесттік тапсырмалар [Мәтін]: оқу құралы / Ә. Қ. Патсаев, С. А. Шитыбаев; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Шымкент : Б. ж., 2013. - 244 бет. с.
- Беляев А. П. Физикалық және колloidтық химия: оқулық / - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014.
- Патсаев Ә. Қ., Шитыбаев С.А. Физикалық және колloidтық химиядан тесттік тапсырмалар. - Шымкент: 2013.
- Патсаев, Ә. Қ. Физколloidтық химия пәнінен зертханалық-тәжірибелік сабактарының материалдары [мәтін] : оқу-әдістемелік құралы / Ә. Қ. Патсаев, Г. А. Туребекова. - Алматы : Эверо, 2015. - 88 с.
- Патсаев, Ә. Қ. Физколloidтық химия пәнінен зертханалық-тәжірибелік сабактарының материалдары [Мәтін] : оқу-әдістемелік құралы / Ә. Қ. Патсаев, Г. А. Туребекова. - Алматы : Эверо, 2014. - 96 бет.
- Беляев, А. П. Физикалық және колloidтық химия [Электронный ресурс] :оқулық / қазақ тіл. ауд. Ж. Қ. Смаилова. - Электрон.текстовые дан. (49.4Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт.диск (CD-ROM).

6. Бақылау сұрақтар:

- Идеалды ерітінділердің реалды ерітінділерден айырмашылығы?
- Әлсіз электролиттер ерітінділерінің тепе-теңдігі.
- Аррениустың электролиттік диссоциация теориясының кемшіліктері.
- Бренстед және Лоурідің протонды қышқылдық және негіздік теориясының негізгі ережелері.
- Электролит ерітінділерінің коллигативті қасиеттері.
- Белсенделік. Белсенделік коэффициенттері. Ерітіндінің ионды құші.
- Буферлік ерітінділердің pH-н есептеу.

№ 4 дәріс

1. Тақырыбы: Дәрілік заттар мен биологиялық белсенді заттар (ББЗ) электр өткізгіштігі. Кондуктометрия. Оның фармацевтикалық анализде қолданылуы.

2. Тақырыптың мақсаты: электрохимия бөлімінің негізгі сұрақтарын үйрету.

3. Дәрістің тезистері:

Электрохимия - физколloidтық химияның негізгі бөлігі, мұнда химиялық және электрлік энергиялардың өзара айналу заңдылықтары және бұл өзгерістер өтетін жүйелер зерттеледі, сонымен бірге иондық жүйелердің (электролит ерітінділердің және

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Химиялық пәндер кафедрасы</p> <p>Дәріс кешені «Физикалық және коллоидтық химия»</p>	<p>044-52/ 24 беттің 10беті</p>

балқымалардың) физколлоидтық қасиеттері, зарядталған бөлшектер (иондар мен электрондар) қатысуымен жүретін екі фаза шекарасындағы құбылыстар қарастырылады. Заттардың өз бойынан сыртқы электр өрісінің әсерінен электр тоғын өткізу қабілетін электрөткізгіштік деп атайды.

Электр тоғын өткізу қабілеті бар заттарды екі топқа бөлуге болады:

А) Бірінші ретті өткізгіштер, олардың электрөткізгіштері электрондар қозғалысына байланысты. Мысалы, металдар және олардың балқымалары, кейбір балқитын карбидтер т.б.

Б) Екінші ретті өткізгіштер. Оларға электролит ерітінділері мен балқымалары (қышқылдар, сілтілер, тұздар), кейбір тұздардың (NaCl , KCl) қатты кристалдары, су, қан, ағза сүйиқтықтары т.б. жатады.

Электрохимияда әдетте **меншікті электр өткізгіштік** (χ) қолданылады, ол меншікті кедергіге кері шама:

$$\chi = \frac{1}{\rho} = \frac{1}{R} \cdot \frac{\ell}{S};$$

ρ өлшем бірлігі. $\text{Ом}\cdot\text{см}$ болса, χ өлшем бірлігі ретінде $\text{Ом}^{-1}\cdot\text{см}^{-1}$ қолданылады. СИ жүйесінде $\rho(\text{Ом}^{-1}\cdot\text{м}^{-1})$, ал $\chi \text{ См}/\text{м}$ (сименс) өлшем бірлігі қолданылады.

Р.Ленц енгізген эквивалентті электрөткізгіштік (λ) шамасы мына теңдеулермен анықталады.

$$\lambda = \frac{\chi}{C} \cdot 1000 \quad (4)$$

$$\lambda = \chi \cdot V \cdot 1000 \quad (5)$$

мұнда C- ерітіндінің эквивалентті концентрациясы г-экв/л,
 $V = 1/C$ концентрацияға кері шама (л), ол эквивалентінің мольдік концентрациясы 1-ге тең ерітіндінің көлемін береді.

Эквивалентті электрөткізгіштік деп 1г-экв. еріген заты бар ерітінді көлемі сиятын, ара қашықтығы 1см электродтардың аралығына орналасқан ерітіндінің электр өткізгіштігін айтады. Оның өлшем бірлігі $\text{Ом}^{-1}\text{м}^{-1}\text{г}^{-1}\text{экв}^{-1}$.

Электролит ерітінділерінің электрөткізгіштігін өлшеу арқылы олардың әртүрлі физика - химиялық қасиеттерін табу әдісін **кондуктометрия** деп атайды.

Кондуктометрия әдісімен еріген заттың концентрациясын, электролиттің диссоциациялану дәрежесін, қын еритін заттың ерігіштік көбейтіндісін табуга болады.

Кондуктометриялық титрлеу деп заттың концентрациясын кондуктометрлік титрлеу қисықтары арқылы табу әдісін айтады.

$1/R$ - титрант көлемі (V) графигін (кондуктометрлік қисықтарды) сзызып, тұзу сзызықтардың өзгерген жерлері арқылы эквиваленттік нүктені анықтайды.

4. Иллюстрациялық материалдар: презентация.

5. Эдебиет:

- Патсаев Ә.К., Шитыбаев С.А. Бейорганикалық және физколлоидтық химияның тәжірибелік-зертханалық сабактарына қолданба. – Алматы, 2013.
- Патсаев Ә.К., Туребекова Г.А. Физколлоидтық химия пәнінен зертханалық-тәжірибелік сабактарының материалдары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2015.
- Туребекова Г.А. Физколлоидтық химия пәнінен студенттердің өзіндік жұмыстарына дайындалуға арналған тапсырмалары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2015.

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Химиялық пәндер кафедрасы</p> <p>Дәріс кешені «Физикалық және коллоидтық химия»</p>	<p>044-52/ 24 беттің 11беті</p>

4. Беляев, А. П. Физикалық және коллоидты химия [Мәтін] : оқулық / А. П. Беляев, В. И. Кучук ; қаз. тіліне ауд. Ж. Қ. Смаилова; жауапты ред. С. О. Тапбергенов. - 2-бас., өнд. және толықт. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 776 бет. С
5. Патсаев, Ә. Қ. Физикалық және коллоидтық химиядан тесттік тапсырмалар [Мәтін]: оқу құралы / Ә. Қ. Патсаев, С. А. Шитыбаев; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Шымкент : Б. ж., 2013. - 244 бет. с.
6. Беляев А. П. Физикалық және коллоидты химия: оқулық / - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014.
7. Патсаев Ә. Қ., Шитыбаев С.А. Физикалық және коллоидтық химиядан тесттік тапсырмалар. - Шымкент: 2013.
8. Патсаев, Ә. Қ. Физколлоидтық химия пәнінен зертханалық-тәжірибелік сабактарының материалдары [мәтін] : оқу-әдістемелік құралы / Ә. Қ. Патсаев, Г. А. Туребекова. - Алматы : Эверо, 2015. - 88 с.
9. Патсаев, Ә. Қ. Физколлоидтық химия пәнінен зертханалық-тәжірибелік сабактарының материалдары [Мәтін] : оқу-әдістемелік құралы / Ә. Қ. Патсаев, Г. А. Туребекова. - Алматы : Эверо, 2014. - 96 бет.
10. Беляев, А. П. Физикалық және коллоидты химия [Электронный ресурс] :оқулық / қазақ тіл. ауд. Ж. Қ. Смаилова. - Электрон.текстовые дан. (49.4Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт.диск (CD-ROM).

6. Бақылау сұрақтар:

1. Иондар қозғалысының жылдамдығы деген не? Абсолюттік жылдамдық.
2. Эквивалентті және үдеулі электрикалық өткізгіштік.
3. Эквивалентті және үдеуді электрикалық өткізгіштіктерінің өлшеміне қандай факторлар әсер етеді?
4. Ерітінділердің электрикалық қарсылығын қалай өлшейді?
5. Ерітінділердің электрикалық өткізгіштігінің көмегімен қандай физ-химиялық өлшемдерді анықтауға болады?
6. Кондуктометриялық титрлеудің түрлері.

№ 5 дәріс

1. Тақырыбы: Тепе-тендікті және тепе-тендік емес электродтық процесстер. Электродтық потенциалдар және электр қозғаушы күші.

Потенциометрия.

2. Тақырыптың мақсаты: тепе-тендікті және тепе-тендік емес электродтық процесстерді, электродтық потенциалдар және электр қозғаушы күші, потенциометрияны үйрету.

3. Дәрістің тезистері:

Индикаторлы және салыстыруышы электродтардан құралған электрқозғаушы күштің өлшеу тізбегінің негізінде жатқан химиялық әдістерді анықтауға көмек беретін сала потенциометрия деп аталады. Потенциометриялық әдістердің тұра және жанама түрлерін анықтайды. Тұра потенциометриялық әдісте ақпараттың басын анықтауға индикаторлы электродтың потенциалының өлшемдерін ала отыра, ол белсенділікті және иондардың концентрациясын анықтайды. Жанама потенциометриялық әдісте (потенциометриялық титрлеу) көбіне өлшемдерді титриметриялық анализде эквивалент нүктесін анықтауға қолданады. Потенциометриялық титрлеудің визуальды индикациялық эквивалент

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-52/
Дәріс кешені «Физикалық және коллоидтық химия»	24 беттің 12беті

нүктесін анықтауға қарағанда бірнеше жақсы жақтары бар, олар: боялған және лайлы биологиялық сұйықтықтардың оңай автоматизациялық анализ түрінде көрсетіледі.

Электродтық үдерістер дегеніміз электродтарда өтетін тотығу-totықсыздану реакциялары. Оларды өзара байланысты екі топқа бөлуге болады. 1-шісі – қатты және сұйық фазалар шекарасында потенциалдар секірмесінің түзілуі және гальваникалық элементтерде электр тоғының пайда болуы. 2-шісі – тұрақты электр тоғын электролит ерітіндісінен өткізгенде химиялық реакцияның өтуі (электролиз).

Электродтық потенциал деп металл-ерітінді жанасу шекарасында түзілетін потенциалдар айрымын (секірмесін) айтады. Оны Нернст теңдеуімен есептейді:

$$\varphi_{Me^{+n}/Me} = \varphi^0_{Me^{+n}/Me} + \frac{RT}{nF} \ln [Me^{+n}]$$

Электродтық потенциал (φ) металл табиғатына, ерітінді концентрациясына байланысты. Тендеуде $\varphi^0_{Me^{+n}/Me}$ – стандартты электродтық потенциал, ол концентрациясы 1 моль/л металл тұзы ерітіндісіне батырылған металдық электродтық потенциалын көрсетеді.

$R=8,31\text{Дж/моль}\text{К}$, $T=298\text{K}$, n – металдың тотығу дәрежесі, $[Me^{+n}]$ – металл ионының концентрациясы. F-Фарадей саны, 96500Кл/м . Тендеудегі тұрақты мәндерді орнына қойсақ:

$$\varphi_{Me^{+n}/Me} = \varphi^0_{Me^{+n}/Me} + \frac{0,059}{n} \ln [Me^{+n}]$$

Электродтар деп өзара жанасатын, электроткізгіштіктері әртүрлі заттардан тұратын электрохимиялық жүйені айтады. Мысалы, электролит ерітіндісімен жанасатын электрон-өткізгіш фазаны (металл немесе жартылай өткізгіш) алуға болады.

Электродтар 3 түрге бөлінеді: 1) бірінші ретті, тек катионға қатысты қайтымды; 2) екінші ретті, анионға да катионға да қатысты қайтымды; 3) тотығу-totықсыздану.

Оз тұздарының ерітіндісіне батырылған металл электродтарында металл катионының ерітіндігі өтуі немесе қарама-қарсы тұнбалану үдерісі жүреді, бұл электрод қосылған тізбек ЭҚҚ таңбасына тәуелді. Бұл электродтар катионға қайтымды және бірінші ретті электродтар деп аталынады, бұған сутек электроды да жатады.


Екінші ретті электродтар – нашар еритін тұзбен қапталған металл пластинкасы, сол тұз еритін анионнан тұратын тұздың ерітіндісі батырылған электродтар (мысалы, $Ag + AgCl + KCl$), мұндай тұрдегі электродтар катион (Ag^+) және анион (Cl^-) концентрацияларына қайтымды.

Гальваникалық элемент деп электродтарда өтетін химиялық реакциялар нәтижесінде электр тоғын алатын құралды айтады. Басқаша айтқанда, гальваникалық элементте химиялық энергия электр энергиясына айналады.

Гальваникалық элементтің маңызды сандық өлшемі электр қозғаушы күш (E) болып табылады, ол екі жартылай элементтің электродтық потенциалдарының айрымына тең шама:

$$E = \varphi_k - \varphi_a$$

Гальваникалық элементтің ең қарапайымы - Даниэль-Якоби элементі. Ол мырыш және мыс электродтарынан тұрады. Мырыш пластинкасы $ZnSO_4$ ерітіндісіне, ал мыс $CuSO_4$ ерітіндісіне батырылған, яғни әрбір металл өз тұздарының ерітіндісіне батырылған. Әрбір электрод үшін тепе-тендік болады:



OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Химиялық пәндер кафедрасы	044-52/
Дәріс кешені «Физикалық және коллоидтық химия»	24 беттің 13беті

Гальваникалық элементтің схемасы: Zn / ZnSO₄ / KCl / CuSO₄ /Cu

Потенциометрия деп зерттеудің физикалық-химиялық әдістерінің бірін айтады, бұл әдістің негізінде индикаторлық электрод пен салыстыру электродынан құрастырылған тізбектің электрқозғауышы күшін өлшеу үшін қажет.

Индикаторлық электрод потенциалы ерітіндідегі зерттелетін ион активтілігіне (концентрациясына) байланысты болғандықтан электрқозғауыш күшті өлшеу арқылы сәйкестік иондар мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді.

Потенциометриялық титрлеу деп потенциометрлік титрлеу қисықтары бойынша еріген заттың мөлшерін немесе концентрациясын анықтау әдісін айтады.

Әдетте қышқылдық – негіздік потенциометрлік титрлеу әдісін қеңінен қолданылады. Бұл әдіс биологиялық сұйықтардағы қышқылдық-негіздік тепе-тендікті, топырақ құрамы мен оның қышқылдығын, фармацияда барбитураттарды, фенол, алкалоидтарды анықтау үшін пайдаланылады.

Индикаторлық электрод ретінде шыны немесе хингидрон электроды, ал салыстырмалы электродтар ретінде каломель немесе хлор күміс электродтары қолданылады.

4. Иллюстрациялық материалдар: презентация

5. Әдебиет:

1. Патсаев Ә.К., Шитыбаев С.А. Бейорганикалық және физколлоидтық химияның тәжірибелік-зертханалық сабактарына қолданба. – Алматы, 2013.
2. Патсаев Ә.К., Туребекова Г.А. Физколлоидтық химия пәнінен зертханалық-тәжірибелік сабактарының материалдары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2015.
3. Туребекова Г.А. Физколлоидтық химия пәнінен студенттердің өзіндік жұмыстарына дайындалуға арналған тапсырмалары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2015.
4. Беляев, А. П. Физикалық және коллоидты химия [Мәтін] : оқулық / А. П. Беляев, В. И. Кучук ; қаз. тіліне ауд. Ж. Қ. Смаилова; жауапты ред. С. О. Тапбергенов. - 2-бас., өнд. және толықт. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 776 бет. С
5. Патсаев, Ә. Қ. Физикалық және коллоидтық химиядан тесттік тапсырмалар [Мәтін]: оқу құралы / Ә. Қ. Патсаев, С. А. Шитыбаев; ҚР деңсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Шымкент : Б. ж., 2013. - 244 бет. с.
6. Беляев А. П. Физикалық және коллоидты химия: оқулық / - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014.
7. Патсаев Ә. Қ., Шитыбаев С.А. Физикалық және коллоидтық химиядан тесттік тапсырмалар. - Шымкент: 2013.
8. Патсаев, Ә. Қ. Физколлоидтық химия пәнінен зертханалық-тәжірибелік сабактарының материалдары [мәтін] : оқу-әдістемелік құралы / Ә. Қ. Патсаев, Г. А. Туребекова. - Алматы : Эверо, 2015. - 88 с.
9. Патсаев, Ә. Қ. Физколлоидтық химия пәнінен зертханалық-тәжірибелік сабактарының материалдары [Мәтін] : оқу-әдістемелік құралы / Ә. Қ. Патсаев, Г. А. Туребекова. - Алматы : Эверо, 2014. - 96 бет.
10. Беляев, А. П. Физикалық және коллоидты химия [Электронный ресурс] :оқулық / қазақ тіл. ауд. Ж. Қ. Смаилова. - Электрон.текстовые дан. (49.4Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт.диск (CD-ROM).

6. Бақылау сұрақтар:

1. Элементтің электрқозғауышы күші деген не?

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Химиялық пәндер кафедрасы</p> <p>Дәріс кешені «Физикалық және коллоидтық химия»</p>	<p>044-52/ 24 беттің 14беті</p>

2. Әйнекті, сутекті, хингидронды, хлоркүмісті, каломельды электродтар деген не? Кемшіліктері мен қасиеттері.
3. ЭҚК әдісінің көмегімен қандай физика-химиялық өлшемдерді анықтауға болады?
4. Қышқылдық- негіздік, тұнбалық және тотығу-тотықсызданушы потенциометриялық титрлеу.
5. Электрохимиялық жүйелердің тепе-теңдіктік және тепе-тендік кезіндегі қасиеттері мен кемшіліктері.
6. Электрохимиялық эквивалент және Фарадей заңы.
7. Электролиз және ыдырау қысымы.
8. Полярографияның маңызы.
9. Амперметриялық титрлеу принципінің негізгі қорытындысын айтыңыз.

№ 6 дәріс

1. Тақырыбы: Химиялық кинетика. Реакция жылдамдығы және оған әсер ететін факторлар. Реакцияның жылдамдық түрақтысы, молекулалығы және реті.

2. Тақырыптың мақсаты: химиялық кинетика және катализді үйрету.

3. Дәрістің тезистері:

Химиялық кинетика- химиялық процестердің жылдамдығын анықтайтын заңдарды зерттейді. Оның практикалық мағынасы белгілі: кинетика заңдары мен реакция механизмін білгендер химиялық реакцияларды оңай басқарады. Кинетика фармация үшін де маңызы өте зор. Әр түрлі химиялық реакциялардың әсері химиялық реакция жылдамдығына байланысты. Дәрілік заттарды сақтағанда әр түрлі процестер жүруі мүмкін, жылдамдық дәрінің сақталу мерзімін анықтайды.

Химиялық кинетика деп химиялық реакциялардың жылдамдығын, механизмін және оған әр түрлі факторлардың (әрекеттесуші заттардың концентрациясы, температура, қысым, зат табигаты, катализатор) әсерін зерттейтін ілімді айтамыз.

Химиялық кинетика екі негізгі белімнен тұрады:

формальды кинетика, ол реакцияның механизмін ескермей, реакция жылдамдығын математикалық түрде сипаттайды;

молекулалық кинетика – химиялық әрекеттесудің механизмі туралы ілім.

